

Б.С. Темірғали¹*

магистрант

Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: temirgali.bs@mail.ru

М.А. Серикова¹

доцент, PhD докторы

Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: madina2281@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН ТАЛДАУ

***Аңдатпа.** Салалық бағдарламалар бюджет жүйесінің барлық деңгейлеріндегі атқарушы билік органдарының қызметінде басқарудың бағдарламалық және мақсатты әдісін іске асырудағы айқындаушы құрал болып табылады. Мақалада Қазақстандағы мемлекеттік салалық бағдарламалар мен бағдарламалар жүйесі талданды. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық құжаттарындағы мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізуді талдау және бағалау жүргізілді. Аталмыш зерттеу нәтижесіне сәйкес дамыған елдердің үкіметтері стратегиялық құжаттар мен стандарттарды әзірлеу кезінде пайдаланатын экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттары мен озық тәжірибелері келтірілген. Ұсынылып отырған талдау халықаралық ұйымдардың зерттеулеріне, мемлекеттік органдардың есептеріне негізделді. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың салалық бағдарламаларды әзірлеуінің және жүзеге асыруының негізгі проблемалық бағыттары көрініс тауып отыр. Мониторинг жүргізу әдістемесінің болмауы және салалық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстардың жүйелендірілмеуі ағымдағы үрдістер мен проблемалық мәселелерді дер кезінде табуға, шешу жолдарын анықтауға, сондай-ақ жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік бермейді. Осыған орай, зерттеу барысында өңдеу өнеркәсібінің салалық бағдарлама қорытынды нәтижелері көрсетілді. Салалық бағдарлама құжаттарының сапасы көбінесе болжау және талдау жұмыстарының сапасына, сонымен қатар мемлекеттік органдардың қолында бар әдістемелік құралдарға байланысты деп қорытындыланады. Мақалада салалық бағдарламаға қатысты өңдеу өнеркәсібінің жетілдіру мақсатына сәйкес энерготииімділік және энергия аудиті ұғымдары бойынша ұсыныстар көрсетілді.*

***Түйін сөздер:** салалық бағдарлама, стратегиялық жоспар, өңдеу өнеркәсібі, индикаторлар, талдау.*

■ Кіріспе

2022 жылдың 1 қыркүйегінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Елбасы өз Жолдауында негізінен республикадағы әлеуметтік-экономикалық дамуға тоқталды. Жарияланған жолдауға сәйкес мемлекеттік басқару мен мемлекеттік бюджеттің атқарылуы жаңа саясатқа өтуі қажет. Айта кетсек, салалық бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша жауапты ретінде «ұжым» емес, нақты министрліктің жауапкершілігі болуы керек деп атап өтті. Сол себепті, «тиімді мемлекет» дәрежесіне жету жолында жүзеге асырылып жатқан стратегиялық жоспарлар мен салалық бағдарламаларға өзгерістер енгізу қажет [1].

■ Мақсаты

Осы мақаланың мақсаты мемлекеттік саясатты іске асырудың басты тетігі болып табылатын салалық бағдарламаларды жүзеге асыруды талдау және бағалау, анализ жұмыстары мен кемшіліктерін қарастыру болып табылады.

Елімізде дәстүрлі базалық салалар дамып келеді, бірақ жаңғырту үшін ең алдымен жоспарлау жүйесі, қаржыландыру жүйесі, әдіснамалық негіздемелер мен еңбек өнімділігін айтарлықтай арттыру маңызды, ол – салалық бағдарламалардың тиімділік деңгейін жоғарылату мен адами капиталды дамытуға байланысты.

Қазіргі таңда елімізде мемлекеттік стратегиялық және салалық бағдарламалық құжаттарды әзірлеу барысында міндеттер мен мақсаттарды белгілеудің нақтылығы, нысаналы индикаторлардың барабарлығы, тиімділігі және нысаналы индикаторларға қол жеткізу мүмкіндігі негізгі проблемалар болып табылады [2].

Сонымен қатар, қазіргі кезеңдегі әлемдік тәжірибеге сәйкес даму стратегиялық мақсаттар шеңберінде елдің өсу моделіне қойылатын маңызды талаптардың бірі нәтижеге бағытталған айқын, сапалы көрсеткіштердің болуы болып табылады. Нақты сапа көрсеткіштеріне дәйекті назар аудару үкіметтік және аймақтық деңгейде мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сәйкестігін айтарлықтай арттырады. Сондай-ақ дамыған елдер деңгейіне жетуге ықпал етерлігі айқын.

■ Әдіснама

Мақалада қойылған мақсатты ашу мен зерттеу барысында жалпы теориялық әдістер, оның ішінде формалдық логика әдісі, жалпы экономика-статистикалық әдістер, топтастыру, салыстыру, коэффициенттер әдісі қолданылды.

Талдау барысында Қазақстан бойынша зерттеулерге шолу жасалды, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, орталық атқарушы органдар, жергілікті атқарушы органдар және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының есептеріне талдау жүргізілді. Мақала негізінде ел экономикасының ағымдағы салаларына талдау жүргізіліп, тиісті сала бойынша атқарылған салалық бағдарламалар қорытындысына сәйкес бағалау жүргізілді. Атқарылатын ағымдық салалық бағдарлама бойынша алынған ақпараттар негізінде кестелер, диаграммалар және суреттер құрастырылды.

Сондай-ақ, зерттеудің ақпараттық базасы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының статистикалық мәліметтері, мемлекеттік бағдарламалар, даму стратегиялары, тұңғыш Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауына сүйене отырып жүргізілді.

■ Әдеби шолу

Әр жылдардағы Қазақстанның экономикалық дамуын отандық және басқа да ТМД елдерінің көптеген ғалымдары зерттеп келеді. Бақасұлы мен Смағұлов Қазақстан тәуелсіздік алған 20 жылдағы дамуына салыстырмалы талдау жасады. Авторлар дәл осындай бастапқы шарттарда Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруге ұмтылуының және әлемдік қаржы институттарының әлемнің ең кедей елдеріне сыртқы қарызды есептен шығару бағдарламасына қатысуды ұсынуының себептерін зерттеді. Авторлар саяси жүйені ырықтандыру мен қатар экономикалық қайта құрулар жүргізілгенде ғана ұзақ мерзімді өсімге қол жеткізеді деген қорытындыға келді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (әрі қарай – ЭЫДҰ) стандарттар, бағдарламалар және бастамалар арқылы 100-ден астам елдің реформаларын ілгерілетуге және біріктіруге көмектеседі. Ұйым екі жыл сайын экономикалық жағдай туралы объективті ақпаратпен, дәлелді деректермен және ұсыныстармен ұйымға мүше елдердің экономикалық саясатына талдауды қамтитын елдер бойынша ақпараттық шолуларды жариялайды. Соңғы

мәліметтерге сәйкес, ЭЫДҰ мүше елдері мен негізгі серіктестері әлемдік сауда мен инвестицияның 80%-ға жуығын құрап отыр.

Брайсон мемлекеттік сектор стратегиялық жоспарлауды жүзеге асырудың маңызды себептері болып табылатын стратегиялық мақсаттардың сәйкестігіне, күш-жігердің үздіксіздігіне және тиімділікке қол жеткізу керек деп санайды. Басқаша айтқанда, стратегиялық жоспарлау мемлекеттік секторда қабылдануы қажет, өйткені пайдаланушылар ұйымдардың не істеу керектігін, неге және қалай істеу керектігін шешуге көмектеседі деп ойлайды (Брайсон, 2018; Брайсон және Кросби, 2009).

Үкіметтер бір-бірімен қарым-қатынаста салалық басқару және тұрақты өнімділікті басқару процестері бойынша тығыз жұмыс істеуі керек, бұл ретте бағдарламаларды әзірлеу ең алдымен жалпы өнімділікті анықтауға және арттыруға бағытталған, ал өнімділікті бақылау осы жолда бағдарламаны ақпараттандыруға көмектеседі (Поистер, 2010).

Көптеген зерттеушілер салалық жоспарлаумен қатар іске асыру, бақылау және бағалауды қатар жүргізуге назар аудару қажет деп санайды (Танер, 2018; Гираудоу және Маклерни, 2014).

■ Нәтижелер мен пікірталас

Қазақстан экономикасы тұрақты өсім көрсететін келешегі зор экономика. Терең ойластырылған мемлекеттік саясат, қалыптасқан халықаралық қатынастар, орасан зор табиғи және еңбек ресурстары болашаққа батыл қарап, болашаққа бұдан да көп жаһандық міндеттер қоюға мүмкіндік береді. Дегенмен, кейбір күрделі мәселелер бар:

- ▶ салалық бағдарламалардың тиімсіз ұйымдастырылуы;
- ▶ ескірген әдіснамалық база;
- ▶ бюджет қаражатын тиімсіз, жеткіліксіз пайдалану;
- ▶ кейбір салаларды қаржыландыру қажеттілігі;
- ▶ елеулі сыртқы қарыз.

Қазақстанда 2014 жылы ЭЫДҰ еліміздің орталық үкіметінің қызметіне шолу жүргізіп, нәтижесінде 7 түрлі саладағы барлық салалық министрліктерге, соның ішінде Президент тапсырмаларының орындалуы мен стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу бағытына баға берген болатын.

ЭЫДҰ – демократия және еркін нарықтық экономика принциптерін мойындайтын дамыған елдердің халықаралық экономикалық ұйымы. ЭЫДҰ ауқымды аналитикалық жұмыс жүргізеді және мүше елдер үшін ұсыныстар әзірлейді. Экономикалық мәселелер бойынша көпжақты келіссөздерді ұйымдастыру алаңы ретінде қызмет етеді. Ұйым қызметінің елеулі бөлігі ақшаны жымқырумен, салық төлеуден жалтарумен, сыбайлас жемқорлықпен және парақорлықпен күресуге байланысты. ЭЫДҰ қатысуы нәтижесінде бірқатар мемлекеттердің «салық жұмақтарын» құру тәжірибесін тоқтатудың кейбір тетіктері әзірленді [3].

ЭЫДҰ зерттеулеріне сәйкес, Қазақстанның жоспарлау және бағалау жүйесінің мықты жағы – ұзақ мерзімді бағдар және дәйекті саясат болды. Алайда, мұндай саясаттағы бағдарламаларды жүзеге асыру үкіметтің алдын ала белгіленген жоспарларды орындауынан тұрады және саясатты құрудың иерархиялық құрылымын күшейтеді. Сонымен қатар, мұндай жүйе, әсіресе, министрліктер департаменттерінің мониторинг пен есеп беруі үшін көп мөлшерде жұмсалатын тиімсіз шығындарға әкеледі. Осындай тенденциялар жоспарлы экономиканың жалпы кемшілігі болып табылады және елдің экономикасын жаңғырту мен әртараптандыруға қолдау көрсете алатын мемлекеттік басқару жүйесіне көшумен үйлеспейді [4].

Нәтижелерге сәйкес, ЭЫДҰ орталық үкіметтің қызметіне шолу жүргізіп, мемлекеттік органдардың дербестігін арттыру және олардың стратегияларын жақсарту бойынша ұсыныстарды көрсетті:

- ▶ ұлттық деңгейде жоспарлау көлемін стратегиялық басымдықтарға және ведомстволаралық мәселелерге дейін қысқарту;

- ▶ жоғары деңгейдегі стратегиялық құжаттарды дайындауға мемлекеттік органдардың қатысуын кеңейту;
- ▶ мемлекеттік органдарды саясатты талдау мен әзірлеуге белсендірек тарту және осы мәселе бойынша мүдделі тараптармен диалог орнату.

Сондай-ақ, ЭЫДҰ сарапшылары бағалау кезінде түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге, аудиторлық іс-шаралардың нәтижелеріне ерекше назар аударуы қажет бюджет қаражатын жұмсау тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар берді. Бұдан басқа, мемлекеттік органның аумақтарды дамыту бағдарламасы жоспарының нысаналы индикаторларының мемлекеттік бағдарламалардың, ұлттық жобалардың мақсаттары, нысаналы индикаторлары және көрсеткіштерімен байланысы туралы ақпаратты пайдаланудың тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау мақсатында пайдаланған жөн [5].

Жалпы, елімізде 2015 жылдың мамыр айында қабылданған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының мақсаттарының бірі болған «мемлекеттік жоспарлау жүйесін оңтайландыру» жұмыстары жақсы қарқын алуда. Үйлестіруді және стратегиялық жоспарлауды күшейту процесі ұлттық мемлекеттік жоспарлау жүйесінің тиімділігін бағалау мақсатында нысаналы индикаторларды әзірлеу мен пайдалануды және олардың тиісті мониторингін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты соңғы жылдары мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесіне жаңа тәсілдер енгізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» заңнама бойынша мемлекеттік жоспарлау жүйесі аясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен құжаттар қабылданды. Қабылданған құжаттар төмендегі 1-суретте көрініс тауып отыр. Құжаттарға стратегиялар мен ұлттық жоспарлар, ұлттық жобалар мен бағдарламалар жатқызылды. Сонымен қатар, мемлекеттік органдарды, облыстарды, қалаларды, ұлттық холдингтерді дамыту жоспарлары да көрініс тапты [6].



1-сурет. 2021 жылы мемлекеттік жоспарлау жүйесі аясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен қабылданған мемлекеттік құжаттар тізбесі

Ұлттық жобаларда қатаң мерзімдер, әрбір бағыт бойынша нақты нәтижелер және алынған қаржыландыру мен қол жеткізілген нәтижелер үшін жеке жауапкершілік қалыптасқан [7]. Әрбір ұлттық жоба 3 өлшемшартқа сай болуы керек:

- 1) жалпыұлттық сипат;
- 2) жобалық көзқарас;
- 3) және «адамға бағдарлану» негізгі қағидасына сәйкес азаматтардың әл-ауқатына тікелей әсер ету.

Даму тұжырымдамасы нақты саланы дамыту пайымын, сондай-ақ Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге, тәсілдерге және Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған тиісті саясатты іске асырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын құжат болып табылады. Осыған сәйкес, тұжырымдамада ағымдағы ахуалды талдау, саланың мәселелері, халықаралық тәжірибені шолу, саланы дамытудың процестері мен пайымы қамтылады, ол саланы дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін, күтілетін нәтижелерді, сондай-ақ тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын айқындайды. Сонымен қатар, мемлекеттік органның даму жоспары Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспары, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы, ұлттық жобалар негізінде тиісті саланың даму тұжырымдамаларын, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, әр 3 жыл сайын 5 жылдық кезеңге әзірленеді. Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының іске асырылуын мониторингтеуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

Жалпы, стратегиялық және салалық бағдарламалық құжаттарды әзірлеу кезінде мақсатты индикаторлар мен көрсеткіштерді анықтау міндетті болып табылады. Төменгі деңгейдің құжаттары ыдырап, жоғары деңгейдің көрсеткіштерін ашады. Бұл құжаттар сыртқы әсерлерді қарастыруға және алға қойылған мақсаттарға жету үшін шараларды түзетуге мүмкіндік береді. Стратегиялық және салалық бағдарламалық құжаттарды әзірлеу кезінде оларға негіз болатын тұжырымдамалардың ережелерін ескеру қажет.

Бюджет кодексінде салалық бағдарламаларды бағалаудың өзі мыналардан қалыптасатыны көрсетілген:

- ▶ бағдарламалық құжаттардың орындалуын бағалау;
- ▶ тиімділік аудитінің жүргізілу заңнамасына сәйкестігі;
- ▶ орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау [8].

Осы өлшемшарттарға сәйкес не сәйкес еместігін мемлекеттік аудит нәтижелері көрсетеді. Бүгінгі күні мемлекеттік және бағдарламалық құжаттарды әзірлеудің негізгі проблемасы – мақсаттар мен міндеттерді, нысаналы индикаторларды белгілеудің анықтығы, олардың сәйкестігі және бағалау мүмкіндігі болып табылады. Әдетте, көптеген бағдарламалық құжаттарда бағдарлама мақсаттарының тиімділігіне қол жеткізу үшін қате құрылған көрсеткіштер бар немесе олар мүлдем жоқ. Мемлекеттік органдармен мемлекеттік бағдарламаларды қалыптастыру кезінде нысаналы индикаторлардың қайталану элементтері де орын алып отыр. Демек, салалық бағдарлама құжаттарындағы мақсаттар мен қол жеткізілуі тиіс көрсеткіштер салалық бағдарламаларды іске асыруға жүйелі түрде бағытталмаған. Өз кезегінде, осы бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелері олардың салалық құжаттардың мақсаттары мен нысаналы индикаторларына әсерін кешенді бағалауға мүмкіндік бермейді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталығының жүргізген талдауында стратегиялық және бағдарламалық құжаттардағы нысаналы индикаторларды әзірлеу мен ұсынуындағы көптеген мәселелік бағыттарды анықтады [9]. Мысалы, мемлекеттік және салалық бағдарламаларда бекітілген мақсатты индикаторларды қарастырайық. «Шағын және орта бизнес са-

ласында жұмыспен қамтылғандар санын арттыру» сияқты нысаналы индикатор бірнеше мемлекеттік бағдарламаларда, мысалы, «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасында, 2017-2019 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасында белгіленген. «Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің өсуі» нысаналы индикаторы «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасында, сондай-ақ «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында бекітілген. Сонымен қатар, Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бекітілген «Өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортының көлемі» көрсеткіші «Қазақстан Республикасының Ұлттық экспорттық стратегиясы» бағдарламасында өзінің қайталанатын көрінісін тапты».

Нәтижеге сәйкес, салалық бағдарламаларды әзірлеу кезінде жол беріліп отырған көрсеткіштердің қате жоспарлануы мен бірнеше бағдарламада қайталануы қазіргі өзекті мәселе болып отыр. Нарықтық заманауи экономика жағдайына сәйкес еліміздің алдында мынандай міндеттер тұр: экономиканы сапалы әртараптандыру, базалық салаларды технологиялық жаңғырту, бюджеттік жоспарлау жүйесін дамыту және тиімділігін арттыру. Бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігі үшін осы салалық құжаттарды, оларда көрсетілген нысаналы индикаторлармен арақатынасын бағалау өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі N810 қаулысы бойынша қабылданған «Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесін бекіту туралы» заңнамасына сәйкес экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесі жарияланды [10]. Қабылданған құжатқа сәйкес, Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесіне сәйкес 9 бөлімге бөлінді. Әрбір сала бойынша бөлімдерге сәйкес сала атауы, сала қызметі және іріктеу өлшемдері сияқты өлшемшарттар қарастырылған. Аталған мәліметке сәйкес қажетті ақпаратты толығырақ төменде ұсынылған 1-кестеде көрініс тапты. Көрсетіліп отырған 1-ші салаға назар аударатын болсақ отын және энергетикалық пайдалы қазбалар мен металл өндіру және қайта өңдеу өнеркәсібін көре аламыз. Ендігі кезекте, өңдеу өнеркәсібіндегі жүзеге асырылып жатқан салалық бағдарламалар мен жобаларға талдау жүргізіп көрейік.

1-кесте. Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесі

№	Саланың атауы	Жауапты мемлекеттік орган	Мониторинг объектісі
1	Отын/ энергетикалық пайдалы қазбалар/ металл өндіру/ қайта өңдеу	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР Ұлттық экономика министрлігі • ҚР Қаржы министрлігі • ҚР Энергетика министрлігі • ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі 	<ul style="list-style-type: none"> • «Қазақстан алюминийі» АҚ • «Қазцинк» ЖШС • «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ • «ҚазТрансОйл» АҚ және т.б.
2	Машина жасау	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР Ұлттық экономика министрлігі • ҚР Қаржы министрлігі • ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 	<ul style="list-style-type: none"> • «Алматы ауыр машина жасау зауыты» АҚ • «ЕПК Степногорск» АҚ
3	Электр энергиясын өндіру және тарату	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР Ұлттық экономика министрлігі • ҚР Энергетика министрлігі • ҚР Қаржы министрлігі • ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 	<ul style="list-style-type: none"> • «Еуроазиаттық энергетикалық корпорация» АҚ • «Алматинские электрические станции» АҚ • «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ және т.б.

№	Саланың атауы	Жауапты мемлекеттік орган	Мониторинг объектісі
4	Көлік және байланыс	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР Ұлттық экономика министрлігі • ҚР Қаржы министрлігі • ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 	<ul style="list-style-type: none"> • «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы АҚ • «Жолаушылар тасымалы» АҚ • «Қазақтелеком» АҚ және т.б.
5	Әскери-өнеркәсіп мақсатындағы өнімді өндіру	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР Қорғаныс министрлігі • ҚР Ұлттық экономика министрлігі • ҚР Қаржы министрлігі 	<ul style="list-style-type: none"> • «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы (Kazakhstan Engineering) АҚ
6	Химия өнеркәсібі	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР Ұлттық экономика министрлігі • ҚР Қаржы министрлігі • ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 	<ul style="list-style-type: none"> • «ҚАЗФОСФАТ» ЖШС • «Ақтөбе хром қосылыстары зауыты» АҚ
7	Су шаруашылығы	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР Ұлттық экономика министрлігі • ҚР Қаржы министрлігі • ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі 	<ul style="list-style-type: none"> • «Алматы қаласы Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының «Алматы Су» ШЖҚ МКК
8	Агроөнеркәсіптік кешен	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР Ұлттық экономика министрлігі • ҚР Қаржы министрлігі • ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі 	<ul style="list-style-type: none"> • «Костанайский мелькомбинат» АҚ • «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ
9	Ғарыш қызметі	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР Ұлттық экономика министрлігі • ҚР Қаржы министрлігі • ҚР Цифрлық даму инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі 	<ul style="list-style-type: none"> • «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы АҚ • «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ және т.б.

Ескерту - Автор дереккөздер бойынша құрастырған [10]

Республиканың экономика құрылымында 30%-дан астамын өнеркәсіп саласы алып жатқандықтан, бұл экономиканың дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ете алады [11]. Қазақстан Еуразия аймағындағы мемлекеттердің ішіндегі ең ірі экономикалық құрылымның иесі болып табылады. Қазақстан Республикасының экономикалық салалары кең ауқымды және үлкен. Әсіресе, еліміздің табиғи қорымыздағы қазба байлықтарды өңдеу өнеркәсіп саласы көш бастап тұр. Қазақстан экономикасы Орталық Азия өңірінің жалпы ішкі өнімінің 60% өндіреді [12].

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуын жүзеге асыру үшін барлығы 25-ке жуық әртүрлі салалық бағдарламалар әзірленді. Елдегі отын және энергетикалық пайдалы қазбалар мен металл өндіру және қайта өңдеу өнеркәсіп саласы маңызды ролге ие. Сондықтан да, 2014-2021 жылдарды қамтитын Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму саясаты өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға бағытталып отыр. Себебі, соңғы 3 жылда өнеркәсіп саласындағы көрсеткіштерінде өсім байқалады. Мысалы, 2-кестеде 2019 жылы өндіріс көлемі 11573 млрд. теңге болса, 2021 жылы 16807 млрд. теңгені құрады. Демек, өсім 1,4 есе болып отыр. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға инвестиция салатын кәсіпорындар үшін еңбек өнімділігін арттыру бөлігінде экспортты қолдау күшейтілетіні көрсетілген.

2 кесте. Өнеркәсіп саласы бойынша Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының статистикасы

№	Атауы	2019	2020	2021
1.	Өндіріс, млрд. теңге	11573,0	13233,0	16807,0
2.	Экспорт, млн. \$	15826,0	15456,0	19827,0
3.	Импорт, млн. \$	35738,0	36388,0	38253,0
4.	Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге	1017,0	1078,0	1550,0
5.	Еңбек өнімділігі, адам басына, мың теңге	13661,0	15874,0	18627,0
6.	Жұмыспен қамту (толық), мың адам	583,6	581,8	581,8
7.	Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар, мың бірлік	15,8	16,9	18,1
8.	Салық және басқа да міндетті төлемдер, млрд. теңге	1477	1746	1450
9.	ЖІӨ, млрд. теңге	69533,0	70649,0	81269,0
10.	ЖҚҚ, млрд. теңге	7973,0	9236,0	10837,0
11.	ЖІӨ-дегі ЖҚҚ үлесі, %	11,4	13,1	13,3

Ескерту - Автор дереккөздер бойынша құрастырған [13]

Ағымдағы 2022 жылдың өңдеу өнеркәсіп статистикасына көз жүгіртетін болсақ, 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп өнімінің көлемі 35963 млрд. теңгені құрады [13]. Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу – 18826 млрд. теңгеге, өңдеу өнеркәсібінде – 15230 млрд. теңгеге, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда – 1647 млрд. теңгеге, сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызметінде – 259,3 млрд. теңгеге өндірілді. Осылайша, статистикалық мәліметтер бойынша өңдеу өнеркәсіп саласындағы өсімді байқай аламыз. Алайда, жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері бірқатар кемшіліктерді көрсете отырып, теріс пікір білдіруде.

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуын жүзеге асыруының мемлекеттік аудитін Қазақстан Республикасы бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті ағымдағы 2022 жылы жүргізіп, «Республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілген жобаларды іске асыру тиімділігін бағалау, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің активтерін басқаруды талдауында» аудиторлық есебін ұсынды. Есептің мақсаты республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілген жобаларды іске асыру тиімділігін бағалау, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің активтерін басқаруды талдау. Аудит нәтижелеріне сәйкес өңдеу өнеркәсібі өндірісінің өсуіне қарамастан 2010 жылмен салыстырғанда 2014 жылы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) өңдеу өнеркәсібінің үлесінің теріс үрдісі (-1,1 п.б.), 2015 жылы (-1,2 п.б.), 2017 жылы (-0,1 п.б.) және 2018 жылы сақталды. (+0,1 б.б.) және 2019 жылы (+0,1 б.б.) 2010 жылғы деңгейде екенін көре аламыз.

Сонымен қатар, анықталған кемшіліктерге сәйкес комитеттердің жобаларды іске асыруға жауапты орындаушылармен кері байланысының әлсіз жүйесі, сондай-ақ өңірлерде іске асырылып жатқан жобалар санының нақты есебінің жоқтығын атап өткен жөн. Мәселен, тексеру кезінде жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері бойынша 2021 жылдың аяғында іске асырылған жобалардың нақты саны 134 жобаны (11877 жұмыс орнын құрумен 1207,5 млрд. теңге сомасында) құраса, ал Комитет Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне 144 жобаның (12 863 тұрақты жұмыс орнын құрумен 1 308,0 млрд. теңге сомасында) іске асырылуы туралы ақпарат берді, яғни сәйкессіздік 10 жоба (100,5 млрд. теңге сомасында және 986 жұмыс орны) [15].

Аудит нәтижелеріне сәйкес жауапты атқарушы органдардың жобаларды уақтылы енгізу, мерзімдерін өзгерту тұрғысынан көптеген қателіктер, кемшіліктер мен сәйкессіздіктер жіберілді. Іске асыру мерзімдерін және жобалардың жобалық қуатына жету мерзімін бірнеше рет кейінге қалдыру өтінімдерді қарау сатысында жобалардың іске асырылуын терең талдаудың жоқтығын көрсетеді, бұл жобалардың жоспарланған деректеріне одан әрі түзетулер енгізуге әкеп соқты. Бекітілген есеп беру нысандарының, сондай-ақ мониторинг әдістерінің болмауы, сондай-ақ жеткіліксіз және жүйесіз жұмыс ағымдағы үрдістер мен проблемалық мәселелерді уақтылы анықтауға, оларды шешу жолдарын айқындауға мүмкіндік бермеді.

Осылайша, көптеген нысаналы индикаторлардың түрлі бағдарламалық құжаттарда қайталануы, ұсынылатын есептердің сәйкессіздігін көріп отырмыз. Бұл әр түрлі мемлекеттік органдардың бюджет қаражатын негізсіз жұмсауына, оған қоса түрлі ведомстволардың іс-әрекетінің шашыраңқы болуына әкеліп соғады. Сондықтан да, осындай іс-әрекеттер жүйесі қоғам үшін әрқашан нақты нәтижелер әкелмейді.

■ Қорытынды

Қазақстанның экономикалық даму жолында көптеген жетістіктерге қол жеткізілді деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары негізгі қағидатқа негізделетін дамудың жаңа моделін қалыптастыруды қамтамасыз етеді: жеңілдіктер мен міндеттерді әділ бөлу, жеке кәсіпкерліктің жетекші рөлі, адал бәсекелестік, өндірістік қабілеттілікті арттыру, адами капиталды дамыту, қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттің негізделген шешімдер қабылдауы және олар үшін қоғам алдындағы жауапкершілік.

Мемлекеттік аудит салалық бағдарламаларды іске асыру мен басқаруды қамтамасыз ететін бюджет шығыстарын бағдарламалық-мақсатты басқару жүйесінің элементі болып табылады. Бюджет шығыстарын басқару жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің негізгі міндеті – шығыстардың заңдылығы, мақсаттылығы, сипаты мен тиімділігі мақсатында бюджет қаражатының жұмсалуды туралы ақпарат алу болып табылады. Салалық бағдарламаларды іске асыруға арналған бюджет шығыстарын мемлекеттік қаржылық бақылау мынадай әдістемелік және ұйымдастырушылық ерекшеліктеріне ие:

- 1) күрделі жүйе болып табылады;
- 2) бюджет қаражатын жұмсау тиімділігін бақылау негізгі міндет болып табылады;
- 3) жеке мақсатты бағдарламалар контекстінде де, мемлекеттік саясаттың мақсаттары шеңберінде де жүзеге асырылады;
- 4) сыртқы және ішкі бақылауды үйлестіруді көздейді;
- 5) бюджет шығыстарының тиімділігін және мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндігін бағалауға байланысты бақылау әдістерін қолдануды талап етеді.

Осыған байланысты, салалық бағдарламаларды іске асыруға арналған мемлекеттік аудитті жүргізуге негізгі ұсыныстар:

- 1) салалық бағдарламаларды іске асыру үшін бюджет шығыстарын бақылау жөніндегі мемлекеттік аудитті жүргізу бойынша құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру;
- 2) бағдарламаларды іске асыру үшін бюджет шығыстарына мемлекеттік қаржылық бақылаудың әдістемелік базасын әзірлеу;
- 3) салалық бағдарламаларды әзірлеу кезеңінде олардың ережелерінің стратегиялық даму жоспарларына және нысаналы критерийлерді бағалауға сәйкестігіне назар аудару қажет.

Өз кезегінде, салалық бағдарламаларды іс жүзінде жүзеге асырудың маңызды және ажырамас элементтерінің бірі тиімділік аудиті болып табылады. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік бағдарламалардың аудиті тиімділік аудитінің бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Алайда, көптеген мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып жатқанымен, түпкі мақсатқа жетпей, еліміздің стратегиялық міндеттерін орын-

дай алмай отыр. Бұл тиімділік аудиті жүйесінің, ең бастысы, салалық бағдарламаларда жүргізіліп жатқан әдістеменің толық жетілдірілмегенін, кемшіліктерін айғақтайды.

«Қазақстан Республикасындағы өңдеу өнеркәсібінің энергия тиімділігінің мемлекеттік саясатына шолу» есебіне сәйкес Қазақстан Республикасы тұрақты даму моделін қалыптастыру бойынша белсенді шаралар қабылдауда. Қазақстан Республикасында «жасыл экономика» бағытына көшу тұжырымдамасы бекітілді. Мемлекет экономикасын дамытудың тұрақты моделін құру энергия тиімділігі мен энергияны үнемдеу мәселелерін шешпей мүмкін емес. Бұл бағыттағы іс-шаралар жаңа технологиялар мен инновацияларды қолдануды ынталандыру арқылы өнеркәсіпті дамытуға ықпал етеді. Осыған байланысты Қазақстан басшылығы елдегі энергетикалық ресурстардың айтарлықтай қорына және дамыған энергетикалық инфрақұрылымына қарамастан, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағытын өзінің энергетикалық саясатының негізгі басымдықтары ретінде таңдады.

Энергия үнемдеу саласындағы субсидиялау жүйесі және экологиялық консалтинг бойынша Нидерланды тәжірибиесін қарастырсақ, өнеркәсіп саласы бойынша энергия аудитінің үлгілері төмендегідей:

- ▶ өнеркәсіптік энергия аудиті: энергия сыйымдылығы төмен кәсіпорындарға арналған аудиттің жаңа нұсқасы;
- ▶ өнеркәсіптік энергетикалық аудит: кәсіпорындар үшін аудиттің кеңейтілген нұсқасы;
- ▶ технологиялық қондырғыларға арналған энергия талдауы: скрининг кезеңі мен егжей-тегжейлі энергия аудиті кезеңін қоса алғанда, энергияны көп қажет ететін өңдеу зауыттарына қолданылатын екі сатылы энергия аудитінің үлгісі;
- ▶ энергия инспекциясы: коммерциялық және өнеркәсіптік секторлардағы шағын ғимараттарға қолданылады;
- ▶ ғимараттардың энергетикалық аудиті: коммерциялық ғимараттардың негізгі үлгісі;
- ▶ қайталанатын энергия аудиті – алдыңғы энергия аудиттерінің нәтижелерін жаңарту үшін пайдаланылатын үлгі[16].

Бұл саясат жергілікті деңгейде жаңа дағдыларды дамытуға ықпал етеді, экономикалық тұрғыдан тиімді және бизнесті инвестициялауды оңтайландыру үшін саланы да, үкіметті де қажетті сапалы ақпаратпен қамтамасыз етеді. Бағдарлама әр түрлі энергетикалық сценарийлер үшін әртүрлі аудит үлгілерінің сипаттамасын қамтиды, олардың әрқайсысы Қазақстан жағдайында қолданылуы мүмкін. Бағдарламалық қамтамасыз етуді талдау нәтиженің бірізділігі мен сапасына қол жеткізуге мүмкіндік береді және мемлекет үшін пайдалы анықтамалық үлгі ретінде қызмет етеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2022 жылғы 1 қыркүйек. [Электрондық ресурc] URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomartatokaeva
2. Клименко А.В., Королев В.А., Двинских Д.Ю., Рычкова Н.А., Сластихина И.Ю. Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау жүйесін дамытудағы шет елдердің өзекті тәжірибесі / Ұлттық зерттеулер «Экономика жоғары мектебі» университеті
3. Bryson, J. M., B. C. Crosby, and J. K. Bryson. 2009. “Understanding Strategic Planning and the Formulation and Implementation of Strategic Plans as a Way of Knowing: The Contributions of Actor-Network Theory.” *International Public Management Journal* 12 (2): 172–207. doi: 10.1080/10967490902873473
4. Бақасұлы Б., Смағұлов Қ. Қазақстан мен Қырғызстанның 20 жылдық тәуелсіз дамуы: не маңыздырақ – саясат әлде экономика? // Орталық Азия және Кавказ, 2011. – 14 том, 4 шығарылым. – б.95-104
5. OECD (2021). [Электрондық ресурc] URL: <http://www.oecd.org/about/members-and-partners/>
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» заңнама. [Электрондық ресурc] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000790>

7. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары: Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығы. [Электрондық ресурс] URL: https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs
8. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі. [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095>
9. Есеп комитетінің зерттеуі (2019 ж.). «Стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған қаражатты пайдаланудың экономикалық тиімділігін бағалау әдістемесін зерттеу, жалпы экономиканы, сондай-ақ оның жекелеген салаларын және секторлар, экономикалық-математикалық модельдеу құралдарын әзірлей отырып, Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Астана, 2019 ж.
10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі N810 қаулысы бойынша қабылданған «Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесін бекіту туралы» заңнамасы. [Электрондық ресурс] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P040000810/_links
11. Қазақстан: тиімді, стратегиялық және есеп беретін мемлекет жолында. ЭЫДҰ шолуы, 2017. – 6.78
12. Knutson K. The Heart of All Strategic Planning Models. 11 March 2020. [Электрондық ресурс] URL: <https://envisio.com/blog/strategic-planning-models/>.
13. Өнеркәсіп саласы бойынша Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының статистикасы Конъюнктуралық зерттеу статистикасы. [Электрондық ресурс] URL: <https://stat.gov.kz/>
14. Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2022 жылғы «Республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілген жобаларды іске асыру тиімділігін бағалау, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің активтерін басқаруды талдау»
15. Бағалау блоктары аясында 2019 жылға арналған мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін талдау. Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы. Есеп комитеті. Астана, 2020
16. «Қазақстан Республикасындағы өңдеу өнеркәсібінің энергия тиімділігінің мемлекеттік саясатына шолу» есебіне сәйкес Қазақстан Республикасы тұрақты даму моделін қалыптастыру. [Электрондық ресурс] URL: https://www.greenkaz.org/images/for_news/pdf/inf/obzor-gos-politiki-energoberezheniya.pdf

REFERENCES:

1. Memleket basshisi Qasim-Jomart Toqaevtin Qazaqstan xalqına Joldaui. 2022 jilgi 1 qırküyek. [Élektrondiq resurs] URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomartatokaeva
2. Klimenko A.V., Korolev V.A., Dvinskix D.Yu., Riçkova N.A., Slastixina I.Yu. Memlekettik strategiyalıq josparlau juyesin damitwdagi set elderdin ozekti tajiribesi / Ulttiq zertteuler «Ekonomika joğarı mektebi» universiteti.
3. Bryson, J. M., B. C. Crosby, and J. K. Bryson. 2009. “Understanding Strategic Planning and the Formulation and Implementation of Strategic Plans as a Way of Knowing: The Contributions of Actor-Network Theory.” International Public Management Journal. [Élektrondiq resurs] URL: <https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000266203000003?SID=EUW1ED0A48Ff7UUmBXEgh66l4Jw10>
4. Baqasulı B., Smağulov Q. Qazaqstan men Qırğızstannıń 20 jildiq täwelsiz damwı: ne manızdıraq – sayasat alde ékonomika? // Ortalıq Aziya jane Kavkaz. - 2011. - 14 tom, 4 sığarılım. – p.95-104
5. OECD (2021). [Élektrondiq resurs] URL: <http://www.oecd.org/about/members-and-partners/>.
6. «Qazaqstan Respwblıkasındağı Memlekettik josparlau juyesin bekitw twralı» Qazaqstan Respwblıkası Ükimetiniń 2017 jilğı 29 qaraşadağı N790 qawlısı. Qazaqstan Respwblıkası Ükimetiniń 2021.02.26. 99. [Élektrondiq resurs] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000790>
7. Qazaqstan Respwblıkasınıń 2025 jilğa deyingi strategiyalıq damw josparı: Qazaqstan Respwblıkası Prezidentiniń 2018 jilğı 15 aqpanadağı №636 Jarlığı. [Élektrondiq resurs] URL: https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs
8. Qazaqstan Respwblıkasınıń Byudjet kodeksi. Qazaqstan Respwblıkasınıń 2008 jilğı 4 jeltoqsandağı N 95-IV Kodeksi. [Élektrondiq resurs] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095_
9. Esep komitetiniń zertteui (2019 j.). «Strategiyalıq jäne bağdarlamalıq qujattardıń maqsattarı men mindetterine qol jetkizwge bağıttalğan qarajattı paydalanwdıń ékonomikalıq tiimdiligin bağalaw ädistemesin zertteu, jalpı ékonomikani, sonday-aq onıń jekelegen salaların jäne sektorlar, ékonomikalıq-matematikalıq modeldeu quraldarın äzirley otırıp, Qazaqstan Respwblıkası Respwblikalıq byudjettiń atqarılıwın baqılaw jönińdegi esep komiteti, «Qarjılıq buzwşılıqtardı zertteu ortalığı» respwblikalıq memlekettik käsiporni, Astana, 2019 j.

10. Qazaqstan Respwblıkası Ükimetiniñ 2004 jılǵı 30 şildedeǵı N810 qawlısı boyınşa qabılǵan «Ékonomikaniñ strategiyalıq mañızı bar salalarınıñ özderine qatıstı menşiktiñ memlekettik monıtorıngı júzege asırılátın obektleriniñ tizbesin bekitw twralı» zañnaması. [Élektrondıq resurs] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P040000810_/links
11. Qazaqstan: tıimdi, strategiyalıq jáne esep beretin memleket jolında. ÉIDU şolwı, 2017. – b.78
12. Knutson K. The Heart of All Strategic Planning Models. 11 March 2020. [Élektrondıq resurs] URL: <https://envisio.com/blog/strategic-planning-models/>.
13. Önerkäsip salası boyınşa Qazaqstan Respwblıkası Strategiyalıq josparlaw jáne reformalar agenttigi Ulttıq statistika byurosınıñ statistikası Konyunkturalıq zerttew statistikası. [Élektrondıq resurs] URL: <https://stat.gov.kz/>
14. Qazaqstan Respwblıkası Respwblıkalıq byudjettiñ atqarılwın baqılaw jöindeǵı esep komitetiniñ 2022 jılǵı «Respwblıkalıq jáne öñirlik indwstriyalandırw kartalarına engizilgen jobalardı iske asırw tıimdiligin baǵalaw, sonday-aq kvazımemlekettik sektor swbektisiniñ aktivterin basqarwdı taldaw»
15. Baǵalaw bloktarı ayasında 2019 jılǵa arnalǵan memlekettik organdar qızmetiniñ tıimdiligin baǵalaw nätijelerin taldaw. Zerttewler, taldaw jáne önimdilikti baǵalaw ortalıǵı. Esep komiteti. Astana. 2020
16. «Qazaqstan Respwblıkasındaǵı öñdew önerkäsibiniñ énergıya tıimdiliginıñ memlekettik sayasatına şolw» esebine säykes Qazaqstan Respwblıkası turaqtı damw modelin qalıptastırw. [Élektrondıq resurs] URL: https://www.greenkaz.org/images/for_news/pdf/inf/obzor-gos-politiki-energobezheniya.pdf

АНАЛИЗ РЕАЛИЗАЦИИ ОТРАСЛЕВЫХ ПРОГРАММ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Темиргали Б.С.^{1*}

Магистрант
Евразийский национальный
университет имени Л. Н. Гумилева
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: temirgali.bs@mail.ru

Серикова М.А.¹

доцент, доктор PhD
Евразийский национальный университет
имени Л. Н. Гумилева
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: madina2281@mail.ru

Аннотация: Отраслевые программы являются определяющим инструментом реализации программно-целевого метода управления в деятельности органов исполнительной власти на всех уровнях бюджетной системы. В статье проанализирована система государственных отраслевых программ и бюджетных программ в Казахстане. Проведен анализ и оценка достижения целей и целевых показателей в стратегических документах центральных государственных и местных исполнительных органов. По результатам указанного исследования приведены стандарты и лучшие практики организации экономического сотрудничества и развития, которые используются правительствами развитых стран при разработке стратегических документов и стандартов. При этом отражены основные проблемные места разработки и реализации отраслевых программ государственными органами. Отсутствие методологии мониторинга и отсутствия систематизации работы по реализации отраслевых проектов не позволяет своевременно выявлять актуальные тенденции и проблемные вопросы, определять решения, а также вырабатывать рекомендации по улучшению. В связи с этим в ходе исследования были показаны окончательные результаты отраслевой программы обрабатывающей промышленности. Более того, качество отраслевых программных документов зачастую зависит от качества прогнозирования и анализа, а также методического инструментария, имеющегося в распоряжении государственных органов. В статье представлены рекомендации по концепциям энергоэффективности и энергоаудита в соответствии с целью совершенствования обрабатывающей промышленности применительно к отраслевой программе.

Ключевые слова: отраслевая программа, стратегический план, обрабатывающая промышленность, показатели, анализ.

ANALYSIS OF THE IMPLEMENTATION OF INDUSTRY PROGRAMS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Temirgali B.S.^{1*}

Master's student

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: temirgali.bs@mail.ru

Serikova M.A.¹

Associate Professor, Doctor PhD
Eurasian National University
named after L. N. Gumilyov
Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: madina2281@mail.ru

Abstract: Sectoral programs are the defining tool for the implementation of the program-target method of management in the activities of executive authorities at all levels of the budget system. The article analyzes the system of state sectoral programs and programs in Kazakhstan. The analysis and evaluation of the achievement of goals and targets in the strategic documents of the central state and local executive bodies was carried out. Based on the results of this study, the standards and best practices of the Organization for Economic Cooperation and Development, which are used by the governments of developed countries in the development of strategic documents and standards, are presented. At the same time, the main problem areas for the development and implementation of sectoral programs by state bodies are reflected. The lack of a monitoring methodology and the lack of systematization of work on the implementation of sectoral projects does not allow timely identification of current trends and problematic issues, identification of solutions, and development of recommendations for improvement. In this regard, during the study, the final results of the sectoral program of the manufacturing industry were shown. Quality of sectoral policy documents often depends on the quality of forecasting and analysis, as well as the methodological tools available to state agencies. The article presented recommendations on the concepts of energy efficiency and energy audit in accordance with the goal of improving the manufacturing industry in relation to the sectoral program.

Keywords: sectoral program, strategic plan, manufacturing industry, indicators, analysis.